

2025-2027 жылдарға арналған Ақжар ауданы Кішіқарой ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 12 мамырдағы № 29-8 шешімі

Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 8-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 7-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына, 85-бабы 3-тармағына, 91-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2025-2027 жылдарға арналған Ақжар ауданы Кішіқарой ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 219 071 мың теңге;

салықтық түсімдер – 5 361 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 415 мың теңге;

трансферттер түсімі – 213 295 мың теңге;

2) шығындар – 220 892,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге;

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 821,6 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 821,6 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 821,6 мың теңге;

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 26.08.2025 № 31-11 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2025 жылға арналған ауылдық округ бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

егер осы Кодекстің 26-бабының 1) тармағының 2) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері ауылдың аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы;

ауылдық округ аумағындағы осы салық салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығы;

ауыл аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендердің жерлеріне салынатын жер салығы;

мыналардан:

тұрғылықты жері ауыл аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілген тұрған жері ауылдың аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралы салығы;

бірыңғай жер салығы;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы;

ауылдағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақы;

ауылдық округ аумағындағы кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығы.

3. 2025 жылға арналған ауылдық округ бюджетінің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасуы белгіленсін:

ауылдық округ әкімі әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

ауылдық округ әкімі аппаратының шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер;

ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

ауылдық округ бюджетінен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін өзге де кірістер;

ауылдық округ бюджетіне түсетін өзге де салықтық емес түсімдер.

4. 2025 жылға арналған ауылдық округ бюджетінің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасуы белгіленсін:

ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық бюджеттен берілетін трансферттер ауылдық округ бюджеттеріне түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады.

6. 2025 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен округ бюджетіне берілетін субвенция көлемі 31 417 мың теңге сомасында көзделгендігі ескерілсін.

6-1. Осы шешімнің 4 қосымшасына сәйкес 2025 жылы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен ауылдық округ бюджетінің шығыстары көзделсін.

Қаржы жылының басында қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтарының сомасын бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Кішіқарой ауылдық округі әкімінің "Ақжар аудандық мәслихатының "Ақжар ауданының Кішіқарой ауылдық округінің 2025-2027 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы шешімін іске асыру туралы" шешімімен айқындалады.

Ескерту. Шешім 6-1-тармақпен толықтырылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 26.08.2025 № 31-11 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының "2025-2027 жылдарға арналған Ақжар ауданы Кішіқарой ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 27-18 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

8. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихат төрағасы М. Жүсіпбеков

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 12 мамырдағы
№ 29-8 шешіміне 1-қосымша

Ақжар ауданы Кіші-Қарой ауылдық округінің 2025 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 26.08.2025 № 31-11 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			I.Кірістер	219071
1			Салықтық түсімдер	5361
	01		Табыссалығы	759
		2	Жеке табыс салығы	759
	04		Меншікке салынатын салықтар	4602
		1	Мүлікке салынатын салықтар	149
		3	Жер салығы	12
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2124
		5	Бірыңғай жер салығы	2317
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	415
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	415
		1	Жерді сату	415
4			Трансферттердінтүс імдері	213295
	02		Мемлекеттікбасқарудынжоғарытұрғаноргандарынантүсетін трансферттер	213295
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	213295
Атауы				Сомасы, мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			II. Шығыстар	220892,6
01			Жалпысипаттағымемлекеттікқызметтер	37905,6

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	37905,6
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	37684,6
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	221
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5287
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	5287
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	544
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2467
		009	Елді мекендердің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету	400
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1876
12			Көлік және байланыс	177700
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	500
		013	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	500
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі	177200

			және орташа жөндеу	
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-1821,6
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	(1821,6
8			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1821,6
	01		Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1821,6
		1	Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1821,6

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 12 мамырдағы
№ 29-8 шешіміне 2-қосымша

Ақжар ауданы Кіші-Қарой ауылдық округінің 2026 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			I.Кірістер	36034
1			Салықтық түсімдер	5656
	01		Табыс салығы	801
		2	Жеке табыс салығы	801
	04		Меншікке салынатын салықтар	4855

		1	Мүлікке салынатын салықтар	157
		3	Жер салығы	13
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2241
		5	Бірыңғай жер салығы	2444
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	415
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	415
		1	Жерді сату	415
4			Трансферттердің түсімдері	29940
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	29940
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	29940
Атауы				Сомасы, мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			II. Шығыстар	36034
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	34335
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	34335
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	34335
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1699

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1699
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	257
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1442
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 12 мамырдағы
№ 29-8 шешіміне 3-қосымша

Ақжар ауданы Кіші-Қарой ауылдық округінің 2027 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			I.Кірістер	37787
1			Салықтық түсімдер	5939
	01		Табыс салығы	841
		2	Жеке табыс салығы	841
	04		Меншікке салынатын салықтар	5098

		1	Мүлікке салынатын салықтар	165
		3	Жер салығы	14
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2353
		5	Бірыңғай жер салығы	2566
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	415
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	415
		1	Жерді сату	415
4			Трансферттердің түсімдері	31388
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	31388
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	31388
Атауы				Сомасы, мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			II. Шығыстар	37787
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	36003
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	36003
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	36003
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1784

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1784
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	270
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1514
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0
8			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 12 мамырдағы
№ 29-8 шешіміне 4 қосымша

2024 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған), қаржы жылының басында қалыптасқан, бюджет қаражатының бос қалдықтарының сомаларын 2025 жылы бөлу

Ескерту. Шешім 4-қосымшамен толықтырылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 26.08.2025 № 31-11 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
8			Б ю д ж е т қаражатының	1821,6

			пайдаланылатын қалдықтары	
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1821,6
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	1821,6
Атауы				
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
			II. Шығыстар	1821,6
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	721,6
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	721,6
		001	Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	500,6
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	221
07			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	1100
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1100
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	300
		008	Елді мекендегі көшелерді жарықтандыру	600
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	200

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК